

ОБ АВТОРАХ

Рахметова Рахила Умирзаковна – доктор экономических наук, профессор Института экономики Комитета науки Министерства образования Республики Казахстан, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: rakhmetova@rambler.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-4079-244X>

Калиева Сауле Ауганбаевна – доктор экономических наук, профессор Института экономики Комитета науки Министерства образования Республики Казахстан, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: kalievas_@mail.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0003-0533-2728>

Абеннова Кулзада Абдрахмановна – PhD, доцент Университета Нархоз, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: kulzada.abenova@narhoz.kz ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-7002-8688>*

МРНТИ 06.77.64

JEL Classification: E24

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-3-17-32>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЕҢБЕК КҮШІ АРТЫҚ ӨНІРЛЕРДЕГІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

С. С. Ыдырыс¹, С. А. Илашева², Б. Д. Бекназаров^{2*}

¹Қ.А. Яссауы атындағы Халықаралық Қазақ Түрік Университеті,
Түркістан, Қазақстан Республикасы

²М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті,
Шымкент, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – Қазақстан Республикасында жұмыспен қамту парадигмасын дамыту, халықты неғұрлым тиімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің тиімді тәсілдерін әзірлеу.

Зерттеу әдіснамасы. Зерттеуде танымның диалектикалық әдісі, ғылыми жалпылау және жіктеу әдістері, жүйелік және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Жалпы ғылыми әдістермен қатар баланстық және индекстік әдістер, болжау және жоспарлау әдістері пайдаланылды.

Зерттеу бірегейлігі / құндылығы. Жұмыс күші артық аймақтарда еңбек нарығының қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін факторлар анықталып, талданған.

Зерттеу нәтижелері: Жұмыс күші артық өңірдің еңбек нарығының жұмыс істеуін жетілдіру жолдарын айқындау барысында әлеуметтік, басқарушылық және өңірлік еңбек нарығының өзін-өзі дамыту қағидаттары негізінде Түркістан облысы үлгісінде еңбек күші артықтау еңбек нарығы анықталып, оның тұжырымдамасы әзірленді.

Түйін сөздер: еңбек нарығы, жұмыс күші, еңбек ресурстары, жұмыспен қамту, жұмыссыздық, аймақ.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында инновациялық экономиканы қалыптастыру мен дамытудың қазіргі заманғы кезеңі және қазіргі әлеуметтік-еңбек қатынастарының бүкіл жүйесіне тиесілі жұмыспен қамту парадигмасының жаһандық жаңа моделінің өзгеруі еңбек нарықтарының өңірлік нұсқаулығын қалыптастырудың тәсілдерін жаңартуда олардың икемділігін және ұлттық еңбек нарығына интеграциялануын объективті түрде талап етуде. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Қазақстан Республикасының халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»

атты Жолдауында: «білім экономикасы, еңбек өнімділігін арттыру, инновацияларды дамыту, жасанды интеллекті енгізу жаһандық прогрестің негізгі факторларына айналды», – деп атап өтті. Бұл еңбек әлеуетін тиімді пайдалану Қазақстанның мемлекеттік саясат шеңберінде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік бағдарланған мемлекетті қалыптастыру саясатының аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылатынын көрсетеді [1].

Экономикалық әлеуеттілік, яғни, демографиялық және ресурстық базадағы, табиғи-климаттындағы ахуал және халықтың дәстүрлі айырмашылықтар еңбек ресурстарын молайтудың және еңбек нарықтарын қалыптастырудың өңірлік ерекшеліктерін айқындай түсуде. Демек, тұтастай алғанда, еңбекпен қамту және экономиканы реттеу мемлекеттік саясаты өзінің мәні бойынша Қазақстан Республикасының жекелеген өңірлерінің жағдайларына бейімдеуі тиіс. Дей тұрғанмен, бұл жағдай Қазақстан Республикасы мен оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамаларын құрастыру және жұмыспен қамту саясатын қалыптастыруда әрдайым назарға алынбайды. Мұның өзі еңбек нарығын және қоғамның әлеуметтік дамуын реттеудегі мемлекеттің рөлін едәуір арттыруды талап етеді.

Еңбек нарығындағы теңгерімсіздік проблемасының өткірлігі жұмыс күші мол аймақтарда түбегейлі маңызды мәнге ие болуда [2]. Мұнда жұмыс күшіне жиынтық сұраныстың болмауынан пайда болған жұмыссыздар контингентінің басым болуы мемлекет пен қоғамнан мәселені терең түсінуді және бұл жағдайдан шығудың жолын белсенді іздеуді талап етеді.

Жұмыс күші артық өңірлерде еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру оны қалыптастырудың әртүрлі әдіснамалық және әдістемелік тәсілдерінің орнын, рөлін және үйлесімін айқындауға негізделуі тиіс. Өңірлік еңбек нарықтарының жұмыс істеу және даму жағдайларына байланысты еңбекке сұранысты қамтамасыз ету стратегиясын іске асыру еңбек жағдайларымен, құралдарымен және заттарымен өзара іс-қимылда адами ресурстардың параметрлерін диагностикалау, мониторингтеу, модельдеу және болжау әдістерінің тиімді басқарушылық шешімдерін қабылдауды қамтамасыз ететін жиынтығын пайдалану шартымен мүмкін болады [3].

Еңбек нарығының проблемаларын, оны реттеу әдістерін зерттеуге арналған көптеген жұмыстарға қарамастан, көптеген мәселелер толық қамтылмаған және егжей-тегжейлі қарауды қажет етеді. Отандық экономикалық әдебиеттерде жұмыс күші көп аймақтардың еңбек нарығын, оның даму факторлары мен перспективаларын зерттеуге арналған мамандандырылған жұмыстардың жетіспеушілігі байқалады. Бұл жағдайлар зерттеу тақырыбының өзектілігін арттыра түседі.

Әдебиеттерге шолу. Қазіргі экономикалық әдебиеттерде аймақтық еңбек нарықтарының дамуын басқарудың кейбір мәселелері жеткілікті зерттелмеген, атап айтқанда, жұмыс күші көп аймақтардың еңбек нарығын, оның даму факторлары мен перспективаларын зерттеуге арналған мамандандырылған жұмыстардың жетіспеушілігі байқалады. Бұл жұмыс күші көп аймақтардағы жұмыспен қамтудың қазіргі жағдайын қосымша зерттеудің орындылығын алға тартады.

Еңбек нарығын және жұмыспен қамту проблемаларын зерттеудің әдіснамалық негізі шетелдік экономикалық ойдың негізін қалаушылар У. Петти [4], А. Смит [5], Д. Рикардо [6], А. Маршалл [7], А. Пигу [8], Дж. М. Кейнс [9], П. Самуэлсон [10], Д. Хикс [11], Х. Ламперт [12] еңбектерінде қарастырылған.

Өтпелі кезеңдегі еңбек нарығын реттеу, жұмыспен қамту және жұмыссыздық проблемалары қазақтандық ғалымдар Н. К. Мамыров [13], Ж. А. Кулекеев [14], К. Б. Бердалиев [15], Ж. О. Ихданов [16] және басқалардың зерттеу нысанына айналған.

Классикалық бағыттың негізін қалаушылар У. Петти (1623-1687), А. Смит (1723-1790) және Д. Рикардо (1772-1823) алғаш рет еркін бәсекелестікке қатысты жұмыспен қамту және жұмыссыздық мәселелерін зерттеді. Сөйтіп экономиканы нарықтың өзін-өзі реттеу мүмкіндігі туралы ережелерді негіздеп берді. Еңбек нарығында жұмыспен қамтылу жағдайлары теңдестіріліп, жұмыспен толық қамтамасыз етудің алғышарттары қарастырылды.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында экономикалық теорияда неоклассикалық бағыт қалыптасты. Бұл экономикалық мектеп А. Маршалл, А. Пигу есімдерімен байланысты. Неоклассикалық ілімдерге сәйкес баға тепе-теңдігі негізінде еңбек нарығы реттелді, оны реттеуші ретінде жалақы деңгейі алынды. Сөйтіп А. Маршалл жұмыспен қамту үшін сұраныс пен ұсынысты реттеудің маңыздылығын анықтап берді.

Кейнсиандық тұжырымдамада халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру үшін мемлекеттің белсенді араласуы қажеттілігі идеясы негізделген. Жұмыссыздықты ауыздықтау – бұл негізінен мемлекеттік сұраныс пен жұмыссыздық деңгейіне әсер етуші фискалдық құралдарды, яғни салықтар мен бюджет шығыстарын пайдалану мемлекеттің реттеушілік саясатқа негізделеді.

Қайсы бір экономист ғалымдардың кейнсиандық теорияны актуализациялауға бағдарланған әрекет түрлері неокейнсианизмнің уақыт сұранысына сәйкес өзгертілу шарттарымен негізделеді. Неокейнсианизм аясында «неоклассикалық синтез» теориясы негізделеді. Оның жарқын өкілдері – Дж. Р. Хикс (1904-1989) және П. Самуэлсон (1915-2009) болып саналады.

Қазіргі уақытта экономист ғалымдар жұмыспен қамту теориясын одан әрі жақсартып, дамытудың бірнеше жаңа тұжырымдамаларын ұсынды. Экономисттердің екінші тобы жұмыспен қамтуды анықтау үшін адамдарды өндіріске тарту туралы мәселелеріне баса назар аударуда. Ал, басқалары болса бұл тұжырымдаманы өндірісті дамыту арқылы қамтамасыз ету шарттарының бірегейі деп санайды. Ал, үшінші авторлар бұл құбылысты өндірістік қажеттілік және қоғамның өнімді жұмыс істеуі күші ретінде сипаттайды. Бұл әлі де болса жұмыспен қамту феноменінің тұжырымдамалық анықтамасына бірыңғай көзқарас жоқ екенін білдіреді. Ғылыми және оқу әдебиеттерінде жұмыспен қамту формаларының жіктелімдері жеткілікті ұсынылған десек те, олардың ешқайсысы осы формалардың интерактивті әртүрлілігін толық көрсетпейді. Қазақстандық ғалымдар К. Сағадиев, Н. Мамыров, Ж. Ихданов жұмыспен қамтуды оқуды, әскердегі қызметті, үй шаруашылығын жүргізуді, балалар мен қарттарға күтім жасауды қоса еңбек қызметіне халықтың барлық топтарын қамту ретінде айқындайды. Жұмыспен қамту азаматтардың әлеуметтік пайдалы міндетті қызметі болып табылады, бұл олар үшін күнделікті табыс көзі ретінде бағаланады.

Ж. А. Кулекеев, К. Б. Бердалиев жұмыспен қамтуды жұмыс орындарымен қамтамасыз етумен және экономикалық қызметке араластырумен байланыстыра қарастырып экономикалық қатынастардың жиынтығы деп есептейді. Жұмыспен қамту олардың пікірі бойынша өндірістің материалдық факторларына қатысты экономикалық белсенді халықтың үлестік салмағын білдіреді.

Дегенмен, аталған қазақстандық экономист ғалымдардың еңбектерінде артық жұмыссыздықтың жай-күйі әдіснамалық тұрғыдан аша қойылмаған. Және де жұмыссыздықтың жоғары деңгейі мен еңбек нарығының нашар көрінісінің басқа да индикаторлары туралы сөз етілмеген. Бұл ретте, негізінен экономика жай-күйінің депрессиясы контекстінде жұмыс күшінің артық болу жағдайы зерттелуі тиіс. Сонымен қатар, жоғарыдағы ғалымдар аймақтық еңбек нарығын ұлттық жұмыс күші тапшылығындағы нарықтың субвенциялық сегменті ретінде қарастырады. Бұл жағдай оны реттеуге қатысты ұсынылған тәсілдердің мәнін кеңейте түседі.

Демек еңбек нарығын қалыптастыру және оны реттеу әдістерін зерттеу мәселелері әлі жеткілікті зерттелмеген деуге болады. Әрі бұл мәселе жұмыс күші артық аймаққа қатысты егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Ғылыми зерттеудің әдіснамалық базасын экономикалық теория, еңбек экономикасы және мемлекеттік басқару саласындағы іргелі теориялық және қолданбалы зерттеулер құрады. Оларда өңірдің еңбек әлеуетін қалыптастыру, пайдалану және дамыту ерекшеліктері айқындалған, еңбек нарықтарын аумақтық ұйымдастырудың мәні, тетіктері мен факторлары ашылған, өңірлік нарықты мемлекеттік реттеудің жаңа тетіктерін құрудың алғышарттары мен қағидаттары қарастырылған.

Зерттеуде танымның диалектикалық әдісі, ғылыми жалпылау және жіктеу әдістері, жүйелік және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Жалпы ғылыми әдістермен қатар баланстық және индекстік әдістер, болжау және жоспарлау әдістері пайдаланылды.

Еңбек күші артық аймақтарда еңбек нарығының қалыптасуы және жұмысты танубелгілерін сол өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерімен сипатталуы тиіс. Бұл еңбек күші артық аймақтардағы еңбек нарығын реттеу саясатына белгілі бір ерекшелік әкеледі және мәселені өте өзекті етеді [17].

Қазақстан Республикасында еңбек күші мол өңірлерінің бірі Түркістан облысы болып есептеледі. Жалпы бұл аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдай қарама-қайшылықты әрі өте күрделі. Бұл, бір жағынан, қолайлы демографиялық жағдайы бар аудандар барлығынан, олардағы еңбек ресурстарының жеткілікті мөлшерін білдіреді ал, екінші жағынан, өңірдің еңбек ресурстарының санын құрайтын жұмыс орындары санының кемдігі мәселені күрделендіре түседі.

Шетелдік және отандық ғылыми ізденістерде жұмыс күші жаңадан құрылған жұмыс орындарының санынан еңбек ресурстары санының басым болуы ретінде сипатталады. Жұмыс күшіне жиынтық сұраныстың болмауынан пайда болған жұмыссыздар контингентінің басым болуы мемлекет пен қоғамнан проблеманы терең түсінуді және қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын белсенді іздестіруді талап етеді [18].

Халықтың табиғи өсуі жаңа жұмыс орындарын құрудан озып кетсе немесе өндірістің айтарлықтай төмендеуі байқалса және еңбекке қабілетті азаматтардың көпшілігі жұмыссыз қалса, артық жұмыс күші пайда болады.

Еңбек күші артық аймақтарды айқындаудың практикалық маңыздылығы еңбек нарығының жай-күйін және жұмыспен қамту мәселелерінде ерекше мемлекеттік қолдау тетігін қалыптастыруды қарастыра отырып, аймақтарда жұмыспен қамту саласында басым аймақтар мәртебесін беруді талап етеді.

Еңбек нарығының жұмыс күші ашық жүйе болып табылады, өйткені еңбек нарығының кез-келген түріне және оның жұмыс істеу тиімділігіне көптеген факторлар әсер етеді.

Жоғарыда келтірілген факторларды ескере отырып, біз Қазақстандағы жұмыс күші негізінде халықтың табиғи және механикалық өсуінің жоғары деңгейімен сипатталатын аймақ; жұмыс орындарының өсу қарқынынан асып түсетін еңбек ресурстарының жоғары өсу қарқынына ие аймақ; ауыл халқы басым аймақ; дәстүрлі салалардағы дағдарыс құбылыстарының тереңдеу сипатына ие аймақ сипатында дамып жатқанын байқаймыз, сәйкесінше әртүрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындар тарапынан жұмыс күшіне сұраныстың біршама ұзақ кезеңі ішінде төмендеуі көрініс табады [19].

Жұмыс күші артық өңірлерде еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру оны қалыптастырудың әртүрлі әдіснамалық және әдістемелік тәсілдерінің орнын, рөлін және үйлесімін айқындауға негізделеді. Өңірлік еңбек нарықтарының жұмыс істеу және даму жағдайларына байланысты еңбекке сұранысты қамтамасыз ету стратегиясын іске асыру еңбек жағдайларымен, құралдарымен және заттарымен өзара іс-қимылда адам ресурстарының параметрлерін диагностикалау, мониторингтеу, модельдеу және болжау әдістерінің тиімді басқару шешімдерін қабылдауды қамтамасыз ететін жиынтығын пайдалану шартымен мүмкін болады [20].

1-суретте жұмыс күші факторларының дамыған классификациясын талдау негізінде біз аймақтық еңбек нарығындағы шиеленістің негізгі себептерін анықтадық.

Еңбек күші артық экономикалық аймақтарда еңбек нарығын қалыптастырудың негізгі проблемаларын зерделеуді біз жүйелі құбылыс ретінде еңбек ресурстарын қалыптастыру және дамыту процесін кешенді әлеуметтік-экономикалық аспектіде қарастырдық. Оны әдіснамалық зерттеу еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көрсеткіштерінің жүйесін ескеруді көздейді, сұраныс пен ұсыныстың сандық және сапалық индикаторларын көрсететін және еңбек ресурстарының осы көрсеткіштерін жұмыс орындарының ұқсас көрсеткіштеріне әлеуметтік-экономикалық бейімдеу тетігін пайдалануға ықпал етеді [21].

Бұл тұрғыда жұмыс күші артық аймақта кәсіптік білім беру мен ересектерге білім беру еңбек нарығындағы шиеленісті жеңілдетудің, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің және халықтың кедейлігін төмендетудің негізгі факторларының біріне айналатыны анықталды. Бұл жүйенің қажеттілігі жұмыс күшінің сапасын жақсарту және оны еңбек нарығының кәсіби-құрылымдық қажеттіліктеріне бейімдеу мәселесін шешумен байланысты, бұл жұмыс күші мол аймақтың сипаты негізінде:

- жұмыс күші артық аймақтағы халықтың жоғары өсуімен салыстырғанда кәсіптік білім беру жүйесінің шектеулілігі кәсіби дамуды қажет ететін сапасыз жұмыс күшінің еңбек нарығына кіруіне себепші болуда;

- еңбек ресурстарының бейресми білім беру процесінде алынған біліктілікті сертификаттау мәселесін тез арада шешу қажеттілігі туындайды.



Сурет 1 – Өңірлік еңбек нарығындағы жұмыс күшінің пайда болу себептері

Ескерту – [8] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Өңірдің еңбек ресурстарының сертификатталған біліктілігі олардың әлеуметтік қорғалуының негізгі факторларының бірі болып табылатыны анық.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ҚОРЫТЫНДЫ)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша жүргізіп жатқан жұмыстары зор. Осыған қарамастан, шын мәнінде, Қазақстанның кейбір өңірлеріндегі қазіргі еңбек нарығы экономиканың тұрақты өсуіне қарамастан жұмыссыздық деңгейін төмендетуге септігін тигізбеуде. Осындай факторлардың бірі жұмыс күшінің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету бойынша өңірдің экономикалық әлеуетінің шектеулілігі болып табылады, ол, атап айтқанда, оның жұмыс күшінің артықтығын сипаттайды.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша Қазақстан Республикасында Алматы, Түркістан облыстары және Алматы қаласы ең көп жұмыс күші бар (Кесте 1).

Кесте 1 – Өңірлер бөлінісінде Қазақстан Республикасы Еңбек нарығының 2021 жылғы көрсеткіштері

	Жұмыс күші, мың адам	Жұмысбасты тұрғындар, мың адам	Жалдамалы жұмысшылар, мың адам	Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, мың адам	Жұмыссыздар, мың адам	Жұмыссыздық деңгейі, %
Қазақстан Республикасы	9196,4	8756,8	6678,5	2077,6	498,2	4,9
Ақмола облысы	418,3	398,0	272,7	125,3	20,3	4,9
Ақтөбе облысы	437,3	416,4	355,6	60,8	20,9	4,8
Алматы облысы	1021,5	973,0	691,3	281,7	49,0	4,8

Атырау облысы	330,7	314,5	276,4	38,1	16,2	4,9
Батыс Қазақстан облысы	338,6	322,2	233,5	88,7	16,4	4,9
Жамбыл облысы	528,3	502,7	333,8	168,8	25,7	4,9
Қарағанды облысы	674,8	644,1	567,2	76,9	30,8	4,6
Қостанай облысы	490,5	466,3	331,3	134,4	24,1	4,9
Қызылорда облысы	350,3	333,2	221,9	111,3	17,0	4,9
Маңғыстау облысы	324,2	308,4	291,4	17,1	15,8	4,9
Павлодар облысы	406,7	387,1	327,4	59,8	19,6	4,8
Солтүстік Қазақстан облысы	301,9	287,2	214,1	73,1	14,7	4,9
Түркістан облысы	819,4	777,7	418,1	359,5	41,8	5,1
Шығыс Қазақстан облысы	703,6	669,5	475,1	194,4	34,1	4,9
Нұр-Сұлтан қаласы	590,5	563,4	497,6	65,9	27,1	4,6
Алматы қаласы	1036,3	982,8	886,8	95,9	53,5	5,2
Шымкент қаласы	432,5	410,3	284,3	125,9	22,2	5,1

Ескерту – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері негізінде авторлармен құрастырылған

Алматы облысында 2021 жылы еңбекке қабілетті 1021,5 мың адамнан 973,0 мыңы ғана, немесе 95,2 % жұмыспен қамтылған. Олардың ішінен жалдамалы қызметкерлер 691,3 мың адамды құрайды, яғни 71,0 %; өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 281,7 мың адам, немесе 29 %. Облыс бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,8 % болды.

Алматы қаласында еңбекке қабілетті 1 036,3 мың адамның 982,8 мыңы, немесе 94,8 %-ы жұмыспен қамтылған. Оның ішінде жалдамалы жұмысшылар 886,8 мың адам, немесе 90,2 %, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны – 95,9 мың адам, немесе 9,8 %. Алматы қаласындағы жұмыссыздық деңгейі 2021 жылы 5,2 %-ды құрады.

Түркістан облысында жағдай қиын. Жұмыс күшіне тартылуға тиісті 819,4 мың адамның жұмыспен қамтылғандары бар жоғы 777,7 мың адам (94,9 %) құрайды. Түркістан облысында басқа жұмыс күші мол өңірлермен салыстырғанда жалдамалы жұмыскерлердің жалпы саны 418,1 мың адамды, яғни 53,7 % ғана құрайды. Қалғандары өзін-өзі жұмыспен қамтығандар болып есептеледі, олардың саны 2021 жылы 359,5 мың адамды құрады. Бұл облыс өндірісінде жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 46,3 % ғана. Түркістан облысы халқының 80 %-ға жуығы ауылдық жерлерде тұратындықтан өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың басым бөлігі өз аулаларында жұмыстанады. Түркістан облысында 2021 жылы жұмыссыздық деңгейі 5,1 % құрады.

Жағдай коронавирустық пандемиядан туындаған, бүкіл әлемде де, Қазақстан Республикасы аумағында да дағдарыс құбылыстарын тудырған жағымсыз эпидемиологиялық жағдаймен күрделене түсуде. Қазіргі еңбек нарығы мұндай жаһандық проблемаға дайын емес екені белгілі болды. Жұмыспен қамтудың жекелеген түрлері терең дағдарыс жағдайында болды.

Нәтижесінде, алдағы екі жылда облыстық еңбек нарығындағы жағдайға келесі факторлар әсер етеді:

1. Пандемия кезеңінде ең көп зардап шеккен экономиканың бірқатар салаларындағы қызметкерлерді босату (бөлшек сауда, қоғамдық тамақтану, қонақ үй бизнесі, фитнес, сұлулық, мәдениет және спорт салалары). Көптеген шағын және орта бизнес кәсіпорындары табыстың жоқтығынан қызметкерлерді күрт қысқартуға немесе оларды төленбеген демалысқа жіберуге мәжбүр.

2. Негізгі қорлардың тозуы және жұмыс орындарының шығуы жаңаларын енгізу арқылы жеткілікті мөлшерде өтелмейді. Ауыл шаруашылығында, тамақ өнеркәсібінде, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында жұмыс орындарының басым бөлігі тиімсіз. Жалақының төмен болуына байланысты осы салаларда жұмыс күшінің тапшылығы сақталады.

3. Қолданыстағы саралау және экономиканың бірқатар салаларындағы жалақының төмен деңгейі лайықты жалақы табуға байланысты жұмыстан босату санының өсуіне ықпал етеді. Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бағалауы бойынша жұмысшылардың 60 %-дан 70 %-ға дейін жалақысы төмен болғандықтан жұмыстан босатылады. Жұмыс іздеп жүрген азаматтардың осы тобы үшін жұмыс іздеу кезеңінде жұмыссыздық бойынша жәрдемақы мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 30 %-ынан аспайды.

4. Еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттіліктің төмендігінен азаматтардың жекелеген санаттары (практикалық жұмыс тәжірибесі жоқ жастар, мүгедектер, әскери қызметтен босатылған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар және т. б.) жұмысқа орналасу кезінде ерекше қиындықтарға тап болады. Мектептер, училищелер, техникумдар түлектері, сондай-ақ әскери қызметтен босатылған азаматтар мен мүгедектер үшін жұмыс іздеуге жәрдемдесу бойынша жұмыспен қамту қызметінің қызметтері артады.

5. Күнкөріс минимумының өсуі және жұмыссыздық бойынша жәрдемақының ең төменгі мөлшерінің артуы ұзақ уақыт жұмыспен қамтылмаған жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамту қызметіне жүгінулер санының едәуір өсуіне әкеледі.

6. Жалпы білім беру және кәсіби деңгейі төмен, ең алдымен ауылдық жерлерде еңбек нарығында жастардың едәуір контингентінің пайда болуы, олар үшін жұмысқа орналасу проблемалы болады.

7. Табысы жұмыс күшінің қарапайым өсімін қамтамасыз етпейтін ауылдық жерлерде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санының артуы.

Осыған байланысты, өңірлік еңбек нарығының ішкі және сыртқы компоненттерін ескере отырып, оның жай-күйі мен дамуын бағалау бойынша барабар тәсілдерді әзірлеуді және іске асыруды талап ететін оның жұмыс күші артық жағдайында оны қалыптастыру мен реттеу ерекшеліктерін ескеру қажеттігі айқын.

Түркістан облысында жұмыссыздықтың өсуіне және жұмыс күшінің артуының күшеюіне бейім жұмыспен қамту саласындағы ахуалдың шиеленісуі өңірде экономикалық өсу мен халықтың өмір сүру деңгейін арттыру шарты ретінде өнімді жұмыспен қамтудың кезең-кезеңімен қалыптасуын негіздейтін тұжырымдаманы әзірлеуді негіздейді.

Осы Тұжырымдаманың негізгі идеясы бірінші кезеңде Жұмыспен қамту деңгейінің төмендеу қарқынының төмендеуіне ықпал ететін, екінші кезеңде –жұмыспен қамтуды тұрақтандыратын, үшінші кезеңде – жалпы өсуге және оны экономикалық орындылық деңгейінде ұстап тұруға негіз болатын қағидаттар мен бағыттарды негіздеуден тұрады.

Тұжырымдаманың мақсаты – өнімді және еркін тандап алынған жұмыспен қамтуға қол жеткізу, жұмыссыздықты қысқарту және оны әлеуметтік қолайлы деңгейде ұстап тұру, жұмыс күші артық өңірде еңбек нарығының жұмыс істеуі мен оны реттеудің нормативтік, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларын жасау.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізуде келесідей негізгі міндеттерді шешумен қамтамасыз етіледі:

- жекешелендіруді, қайта ұйымдастыруды, қайта бейіндеуді қоса алғанда, жаңа өндірістерді құру, келешегі жоқ өндірістерді қайта реформалау негізінде экономиканың салалық құрылымын жетілдіру;
- қосымша жұмыс орындарын құруды ынталандыру және қаржы, салық саясатын жүргізу;
- қосымша жұмыс орындарын құратын бағыттарды есепке ала отырып, шетелдік капиталды тарту есебінен шағын және орта, жеке кәсіпкерлікті дамытуды қолдау және белсенді ынталандыру;
- экономикадағы құрылымдық өзгерістерді ескере отырып, еңбек нарығындағы қалыптасқан жағдайға қатысты кәсіптік білім беруге баса назар аудару;
- жұмыспен қамту кепілдігін қамтамасыз етуде, еңбесіне төлеу мәселелерін, еңбек жағдайлары мен режимдерін шешуде еңбек нарығының басты субъектілерінің қатысуымен (мемлекеттің, жұмыс берушілер мен қызметкерлердің) әлеуметтік әріптестік жүйесін қалыптастыру;
- шетелдік жұмыс күшін пайдалануды шектеу арқылы ішкі еңбек нарығын қорғау;
- белгіленген параметрлер (өлшемдер) тобының олардың орташа республикалық деңгейінен ауытқуын бағалау негізінде жұмыссыздықтың дағдарысты деңгейі бар салалар мен елді мекендерді анықтау;
- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі бағдарламалық іс-шараларды, жұмыспен қамтудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жолымен еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың неғұрлым өткір сәйкессіздіктерін жоюға бағытталған селективті шараларды жүзеге асыру;
- жұмыспен қамту инфрақұрылымын дамыту және халықты жұмыспен қамту деңгейін қолдау мақсатында ұйымдастырушылық және технологиялық инновацияларды енгізу;
- 50 және одан жоғары жастағы адамдарды, сондай-ақ зейнеткерлік жас алдындағы адамдарды кәсіптік оқытуды және қосымша кәсіптік білім беруді ұйымдастыру арқылы зейнеткерлік жасының ұлғаюына байланысты олардың жұмыспен қамтылуына нысаналы қолдау көрсету;

- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған әйелдердің жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу;

- жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау тетігін жетілдіру;

- жұмыспен қамтуды және еңбек нарығын реттеу мәселелерінде жұмыс берушілермен, қоғамдық және кәсіподақ органдарымен мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің жұмысын одан әрі интеграциялау;

- қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтау.

Әлеуметтік аспектіге негізделген қағидаларға келесілерді жатқызуға болады:

1. Азаматтық келісім. Болашақта халыққа Тұжырымдаманың мазмұны және оны іске асыру жөніндегі жұмыстардың барысы, талқылау және қоғамдық сараптама туралы объективті ақпаратты кеңінен ұсынуды көздейді.

2. Мүдделер теңгерімі, стратегиялық әріптестік. Өңірлік еңбек нарығының дамуын айқындайтын стратегиялық әріптестер мен процестерге қатысушылардың (әлеуметтік топтарды, қоғамдық бірлестіктерді, басқарудың әртүрлі деңгейлерін және т. б. қоса алғанда) ұстанымдары мен іс-қимылдарын келісуге бағыттайды.

3. Заңдылық. Қала мен облыстың заң шығарушылығын құжатта көрсетілген өңірлік еңбек нарығын дамыту перспективаларына бағдарлау.

4. Жауапкершілік. Құжат ережелерінің орындалуы үшін жауапкершілікті жергілікті өзін-өзі басқару органдары, стратегиялық серіктестер және нақты орындаушылар арасында бөлу рәсімін жасауды көздейді.

Аймақтық дамуды басқаруға байланысты қағидалар кіретіндер:

1. Мақсаттылық. Тұжырымдаманың барлық ережелері мақсаттармен, міндеттермен, өңірмен байланыстырылуы және оларды іске асыруға бағытталуы тиіс.

2. Кешенділік. Аймақтың маңызды функциялары мен құрылымдық элементтері бір-бірімен байланысты принциптер мен механизмдер ескерілуі керек.

3. Иерархиялық. Аймақ елге және әлемдік қауымдастыққа енген тұтастық ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, аймақ иерархиялық жүйе ретінде ұсынылады, онда тік және көлденең сипаттағы ұйымдастырушылық және басқарушылық өзара әрекеттесулер жүреді.

4. Көп функциялы және көп нұсқалы. Аймақ – бұл көп функциялы жүйе, онда ішкі жүйелердің әртүрлі функциялары уақыт өте келе өзгеретін әртүрлі салмаққа ие. Өңірдің орнықты дамуына оның маңызды функцияларын келісу кезінде ғана қол жеткізіледі.

5. Бейімділік. Ішкі және сыртқы ортаның өзгеру мүмкіндігін ескеру. Аймақтық еңбек нарығын дамыту стратегиясы аймақтық жүйелердің бейімделу қасиеттерін арттыруы керек.

6. Мониторинг. Тұжырымдамада әзірленген ережелерді іске асыруды тұрақты бақылау және түзету.

Өңірлік еңбек нарығының өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін қағидаттарға мыналарды жатқызуға болады:

1. Интеграция және даму әлеуетін жинақтау. Өңірге қатысты ішкі және сыртқы жоғары кәсіби еңбек ресурстарын тарту тетіктері қалыптасқан, олардың шоғырлануы өңірдің басым міндеттерін шешуге бағытталу тиістілігі (әріптестік, инновациялық және коммуникативтік әлеует және т. б.) [22].

2. Мотивация және ынталандыру. Өңірде жеке, заңды тұлғалар мен басқару органдарының бастамаларының түрлі көріністерін ынталандыру ресурсы ретінде қалыптастыруды және пайдалануды қамтамасыз ететін қызмет түрлері қолданылуға тиіс [23].

3. Тұрақты табыс. Өңірді дамыту кезінде оның тұжырымдамасына еңбек нарығын стратегиялық дамыту жоспарларын іске асырудың шынайылығын көрсететін тез және тиімді орындалатын іс-шаралар кезең-кезеңімен енгізілуі тиіс. Бұл іс-шараларды БАҚ-да кеңінен насихаттау қажет.

Жұмыс күші артық өңірдегі жұмыспен қамтудың белсенді саясатының барабар заңнамалық, нормативтік-құқықтық және материалдық-қаржылық базасы болуға тиіс, мұның өзі оны құруға уақыт талап етеді. Алайда, жұмыссыздықпен және еңбек нарығындағы тұрақсыздықпен байланысты проблемалардың өткірлігі мемлекеттік реттеуді қатаң мерзімде қайта бағдарлауды талап етеді [24].

Өңірдің негізгі артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады: халықтың табиғи өсімінің жоғары деңгейі, ресми жұмыссыздықтың салыстырмалы түрде жоғары емес деңгейі, өлім-жітім қарқынының төмендеуі, бірқатар салалардың дамуы (құрылыс, құрылыс материалдарын өндіру, тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, уран өндірісі), тұтыну бағалары мен тарифтердің жиынтық индексінің төмендігі, бөлшек тауар айналымының және оның өсу қарқынының жоғары деңгейі [25].

Негізгі кемшіліктерге, біздің ойымызша, мыналарды жатқызуға болады: Түркістан облысы халқының басым бөлігі (80,4 %) ауылдық жерлерде тұрады, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың көп саны (46,1 %), жұмыс орындарының өткір жетіспеушілігі, соның салдарынан елдің басқа өңірлерімен салыстырғанда жұмыс күші артық, атаулы жалақы деңгейінің төмендігі, өңдеу өнеркәсібінің нашар дамуы ретінде сипатталады.

2-кестеде Түркістан облысының бәсекелестік артықшылықтары мен экономикалық мүмкіндіктерін анықтайтын факторлар келтірілген

Кесте 2 – Түркістан облысының бәсекелестік артықшылықтары мен экономикалық мүмкіндіктерін анықтайтын факторлар

Факторлардың түрлері	
Жағымды	Жағымсыз
Экономика	
1. Жекелеген салалар бойынша бәсекелестік артықшылық. 2. Туризм сен мінәжат студия дамуы. 3. Дамыған шағын бизнес. 4. Қолөнер. 5. Жаңа құрал-жабдықтарды сатып алумен байланысты шығындарды қаржыландыру механизмінің болуы. 6. Қызмет көрсету секторы мен көліктік-логистикалық хабтың дамуы. 7. Дамыған азық-түлік кешені (жеміс-жидек, көкөніс кластері). 8. Ауылшаруашылығы кешенінің дамуы. 9. Жұмыс сиымдылығы жоғары жаңа өндіріс орындарын құру.	1. Саланың өнімдеріне деген әлемдік бағалардың ішкі және сыртқы конъюнктураларының нашарлауымен байланысты макроэкономикалық қауіп-қатерлер. 2. Импорттық тауарлардың пайдасына ішкі және сыртқы нарықтардан айырылу, азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер. 3. Негізгі қорлардың тозу деңгейінің жоғарылығы. 4. Басқа аймақтардан шикізаттық тәуелділік. 5. Қызмет көрсету инфрақұрылымының дамуының әлсіздігі. 6. Инновациялық қызмет жүйесінің нашар дамуы.
Әлеуметтік сала мен өмір сапасы	
Жаңа денсаулық сақтау нысандарын салу, материалдық-техникалық және білікті кадрлармен қамтамасыз ету арқылы медициналық жәрдемнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету. Қоғамның қазіргі нарықтық жағдайларға бейімделуі. Заманауи медицина нысандарының құрылысын қаржыландыру көлемін арттыру, оның ішінде мемлекеттік-жеке-меншік әріптестік қағидалары аясында. 4. Ауылдық тұрғын мекендерге жас мамандарды тарту бойынша жұмыстарды күшейту. 5. Медициналық сақтандыру жүйесі мен жанұялық дәрігер институттарын дамыту. 6. ЖОО мен ғылыми мекемелердің кең таралған жүйесі. 7. Жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлардың жеткіліктілігі. 8. Талантты ұйымдастырушылар мен мәдениет қайраткерлерінің барлығы. 9. Кәсіби және бұқаралық спорт ұйымдары үшін кадрлар даярлау жүйесі. 10. Бұқаралық спорттық іс-шараларды ұйымдастырудағы қалыптасқан дәстүр. 11. Туризмді дамытуға қажетті мәдени-тарихи және табиғи нысандардың болуы. 12. Медициналық және фармацевтикалық ғылымның дамуы, ауруларды емдеу мен диагностикалаудың жаңа тәсілдерінің пайда болуы. 13. Денсаулық сақтау саласында ақпараттық технологиялардың дамуы.	1. Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасындағы өлім-жітім деңгейінің жоғарылығы. 2. Барша тұрғындардың денсаулық жағдайын диагностикалау қамтамасыз етілмейді. 3. Салауатты өмір салтын сақтамаумен байланысты аурушандық пен өлім-жітімнің өсуі. 4. Мамандығы бойынша жұмыс істемейтіндердің жоғары үлесі. 5. Облыс тұрғындарының 25 % жуығы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын табысқа ие. 6. Тұрғын үйге кезекте тұрғандардың санының көптігі. 7. Тұрғын үй қорының басым бөлігінің тозу деңгейінің жоғарылығы. 8. Әлеуметтік сала мекемелерінің әлсіз материалдық базасы. 9. Мекен жайы бойынша спортпен айналысуға қажетті материалдық базаның даму деңгейінің төмендігі. 10. Жергілікті туризмнің нашар дамуы. 11. Мәдениет және спорт, білім беру мен денсаулық сақтау қызметтеріне ауыл тұрғындарының қолжетімділігіндегі теңсіздік. 12. Жұмыссыздық деңгейінің өсуі. 13. Жұмыс орындарының жетіспеушілігі. 14. Заманауи медициналық құрал-жабдықтар мен фармацевтикалық препараттарға бағаның өсуі.
Өмір сүруді қамтамасыз ету саласы	

<ol style="list-style-type: none"> Негізгі транзиттік дәліздер бойынша ағым көлемінің артуы. Энергетикалық тиімділіктің артуы. Инженерлік инфрақұрылымды жаңарту мен қайта құру. Аймақтың тұрғындарының ақпараттық технологияларды пайдалануға деген қызығушылықтары. Негізгі құрылыс материалдары өндірісінің барлығы. Дамыған монолитті үй құрылысы. Сауда саласына (тұтыну нарығына) салынатын инвестициялар өсімі үрдісінің салыстырмалы түрде жоғарылығы. Тұрғындарға қызмет көрсетудің көлемі мен ассортиментінің жалпы ұлғаюы. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге қажетті мүмкіндіктер мен қуаттың болуы. Облыстың дамуы мен өмір сүруіне қажетті әлеуеттің жеткіліктілігі. 	<ol style="list-style-type: none"> ТКШ және көлік инфрақұрылымы нысандарының тозуының артуы. Аймақтың энергетикалық тапшылығының одан әрі күшеюі. Аймақтағы экологиялық ахуалдың нашарлауы. Төтенше жағдайлардың жоғары деңгейдегі ықтималдылығы. Облыстың көптеген тұрғын мекендеріндегі қатты-тұрмыстық қалдықтарды көмуге қажетті полигондар санының жеткіліксіздігі. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің сапасының нашарлауы.
Ескерту – [1] авторлармен құрастырылған	

Жоғарыда келтірілген мәліметтер негізінде аймақтық еңбек нарығының дамуына және оның жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуына жағдай жасайтын аймақтың бірқатар бәсекелестік артықшылықтарын атап өтуге болады:

1. Еуропа және Азия континенттерін байланыстыратын аса маңызды коммуникациялардың (темір-жол, автомобиль, авиация) қиылысында Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірінде салыстырмалы түрде қолайлы географиялық орналасу.

2. Машина жасау, уран өндіру және қайта өңдеу кәсіпорындары ұсынған жоғары өнеркәсіптік әлеует.

3. Ірі агроөнеркәсіптік орталық, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібінің серпінді дамып келе жатқан кәсіпорындары.

4. Құрылыс индустриясы кәсіпорындарының кешені.

5. Қазіргі заманғы байланыс және телекоммуникация құралдарының болуы.

6. Қолайлы демографиялық жағдай.

7. Халықтың жалпы санының 67 %-ын құрайтын еңбекке қабілетті халық саны

8. Халықтың кәсіпкерлік қабілеті.

9. Елеулі ғылыми-білім беру кешені (оның ішінде арнаулы және жоғары оқу орындарының кешені).

10. Дамыған қаржы-кредит жүйесінің болуы.

11. Мәдениет, өнер, спорт және рухани құндылықтарды сақтау саласында дәстүрлер мен халықаралық беделдің болуы.

12. Шекара маңы орналасуы (сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту тұрғысынан).

Осыған байланысты, біздің ойымызша, өңірдің орта мерзімді перспективаға арналған экономикалық дамуының стратегиялық басымдықтары ретінде төменде санамаланған салалар (өңірдің еңбекке қабілетті халқының ең көп саны осы салаларда шоғырлануына байланысты) айқындалуы мүмкін:

1. көлік және байланыс (ең алдымен, жүк айналымының көлемін ескере отырып);

2. фермерлік шаруашылықтар;

3. теміржол көлігі;

4. құрылысы;

5. құрылыс материалдарының өнеркәсібі;

6. машина жасау;

7. туризм;

8. жеңіл өнеркәсіп.

Көрсетілген салаларды басымдықпен дамыту орта мерзімді перспективада ЖӨӨ-нің өсу қарқынын барынша арттыруға, сол арқылы экономиканың басқа салаларын, сондай-ақ әлеуметтік сала салаларын одан әрі теңгерімді дамыту үшін өңірде қажетті капитал жинақтауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді [26; 27].

Стратегиялық көрсетілген бағыттар бойынша іске асыру мынадай қызмет салалары мен аяларын дамытуды көздейді:

1. Қазіргі заманғы көлік магистральдары құрылысын дамытуды көздейтін мультимодальдық көлік торабы ретінде өңірді қалыптастыру.

2. Перспективалық ғылымды қажетсінетін әзірлемелер жүргізу және жоғары технологиялық өндірістерді дамыту:

- ауыл шаруашылығы машинасын жасауды құру;

- машина жасау саласының жаңа кәсіпорындарын салу және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту;

- медициналық техника өндірісін дамыту;

- жиһаз өндіретін ірі кәсіпорындар салу;

- тіршілікті қамтамасыз ету, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым салаларында ресурс үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды енгізу.

3. Мұнай өңдеу өнеркәсібін одан әрі дамыту (оның ішінде жаңа технологияларды пайдалана отырып).

4. Өндірістік, тұрғын үй және жол құрылысы және құрылыс материалдарының өнеркәсібі (оның ішінде жергілікті ресурстарды пайдалана отырып).

5. Ауыл шаруашылығы өнімдерін тиімді өндіру мен қайта өңдеуді қамтамасыз ету.

6. Қаржы-кредит институттарын, қызмет көрсету саласын, өңірлік дамыту, бизнес-орталықтар, қонақ үй және көрме-жәрмеңке кешендерін (оның ішінде жергілікті өнімдердің тұрақты жұмыс істейтін көрмелерін) құру.

7. Ғылыми-білім беру кешенін, ЖОО және салалық ғылымды дамыту.

8. Сыртқы экономикалық қызмет, оның ішінде Ресеймен және Орта Азия мемлекеттерімен ынтымақтастық.

9. Басқару және өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру, стратегиялық жоспарлау және басқару әдістерін қалыптастыру және енгізу, басқарушы кадрларды даярлау және қайта даярлау.

10. Өңірді Қазақстан Республикасының тарихи, мәдени және рухани орталығы ретінде дамыту, Облыстың оң имиджін қалыптастыру.

Ауылдық жерлерде тұратын халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге мынадай шараларды қабылдау және іске асыру ықпал ететін болады:

- әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету саласында жеке және кооперативтік қызмет түрлерін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- ауылдық кәсіпкерлікті дамыту мақсатында Менеджмент функцияларын орындау үшін қолда бар әлеуметтік-іскерлік орталықтар, бизнес-инкубаторлар, бизнесті дамыту орталықтары жүйесін кеңейту;

- кәсіпкерлік қызметпен айналысуға және өзін-өзі жұмыспен қамтуға ниет білдірген ауыл тұрғындарын арнайы оқытуды ұйымдастыру;

- қолөнер өндірісі мен халық кәсіпшілігін дамытуға шағын бизнесті мемлекеттік қолдаудың барлық нысандары мен әдістерін тарату;

- аграрлық кешен, әлеуметтік сала үшін олардың кәсіби ұтқырлығына бағдарлана отырып, кіріктірілген мамандықтар бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыру;

- ауылдық жерлерде жұмыссыз азаматтарды және жұмыспен қамтылмаған халықты қашықтықтан оқыту нысандарын енгізу [28; 29].

ҚОРЫТЫНДЫ

Өңірлік еңбек нарығын дамыту проблемаларын еңбек күші артық өңірдегі әлеуметтік-еңбек процестерін қайта құрудың негізі ретінде шешу ғылыми негізделген критерийлерді, объективті бағалауды, нақты жағдайды және мүдделердің үйлесімділігіне қол жеткізудің ықтимал тиімділігі мен перспективаларды дұрыс болжауды ескере отырып, ғылыми-техникалық, экономикалық, құрылымдық-ұдайы өндіру, әлеуметтік, институционалдық және құқықтық аспектілерді шешудің жүйелі тәсілін талап етеді. Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы, оның өмір сүру мүмкіндіктерін ескере

отырып, әлеуметтік-еңбек қатынастарына қатысушылардың мүдделерін еңбек нарығын тиімді дамытудың анықтаушы факторы ретінде келісу тетігі болады.

Біз ұсынған жұмыс күші артық өңірдің еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасында оның әлеуетті-экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, жұмыс күші артық өңірдің еңбек нарығының жұмыс істеуін жетілдіру жолдары айқындалған.

Бұл тұжырымдаманың мақсаты жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың құрылымдық сәйкессіздігін еңсеруге, заңсыз жұмыспен қамту үлесін қысқартуға, еңбекке уәждеме мен еңбек ұтқырлығын арттыруға мүмкіндік беретін, тиімді жұмыс істейтін икемді еңбек нарығын дамытуды қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық және институционалдық жағдайларды жетілдіру болып табылады.

Біз ұсынып отырған тұжырымдама үш топқа жүйелеген қағидаттарға негізделеді: әлеуметтік, басқарушылық және өңірлік еңбек нарығының өзін-өзі дамыту қағидаттары. Осы бағыттарды іске асыру, бір жағынан, еңбек күші артық өңірде жұмыспен қамту саласындағы әлеуметтік шиеленісті жұмсартуға, екінші жағынан, экономиканы сауықтыру және дамыту бойынша жалпы орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективалар арнасында оны ұтымды ету үшін алғышарттар жасауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Послание Главы государства народу Казахстана от 2 сентября 2019 года «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» [Электронды ресурс] // Әділет [web-сайт]. – 2019. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1900002019> (Қарау уақыты: 25.09.2021).
2. Кутаев Ш.К. Конкуренция на рынке труда трудоизбыточного региона // Региональная экономика: теория и практика. – 2009. – № 39(132). – С. 35-38.
3. Jelic S., Jovanovic T., Zivkovic D. Unemployment Determinants in Rural Areas of Serbia in Transition Period // In International Conference on Competitiveness of Agro-food and Environmental Economy Proceedings – The Bucharest University of Economic Studies, 2016. – № 5 – P. 110-115.
4. Петти В., Смит А., Рикардо Д. Антология экономической классики. – М.: Эконов, 1993. – Т. 1. – 486 с.
5. Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. – Litres, 2019. – 1072 с.
6. Рикардо Д. Начала политической экономии и налогового обложения. Избранное. – М.: Эксмо, 2007. – 960 с.
7. Маршалл А. Принципы экономической науки. – М.: Прогресс, 1993. – Т. 1. – 415 с.
8. Пигу А. Экономическая теория благосостояния. – М.: Прогресс, 1985. – Т.1. – 512 с.
9. Кейнс Д. М. Общая теория занятости, процента и денег. Шедевры мировой мысли: в 3 т. – Петрозаводск: Петроком, 1993. – Т. 3. – 307 с.
10. Samuelson P. Economics: In 2 vols. – М.: Algon, 1992. – Vol. 1. – 333 p.
11. Хикс Д. Р. Стоимость и капитал: Пер. с англ. / Общ. ред. и вступ. ст. Р. М. Энтова. – М.: Прогресс, 1988. – 488 с.
12. Ламперт Х. Социальная рыночная экономика. Германский путь. – М.: Дело, 1994. – 225 с.
13. Мамыров Н. К., Саханова А. Н., Ахметова Ш. С., Брузати Л. Государство и бизнес. Книга вторая. Отношения между правительством и бизнесом. Учебник. – Алматы: Экономика, 2002. – 496 с.
14. Кулекеев Ж. А. Рынок труда и занятость в Казахстане – Алматы: Казстатинформ, 2016. – 276 с.
15. Бердалиев К. Б. Қазақстан экономикасын басқару негіздері: Оқу құралы / К. Б. Бердалиев. – 2001. – 128 б.
16. Ихданов Ж. О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері: Оқу құралы / Ж. О. Ихданов, Ә. О. Орманбеков ред. – 2002. – 218 б.
17. Чотчаева М. З. К вопросу о занятости населения в трудоизбыточном регионе // Terra Economic. – Ростов-на-Дону, 2007. – № 2(5). – С. 328-332.
18. Chen L. X., Chew Y. B., Lim R. L. H., Tan W. Y., Twe K. Y. Macroeconomic Factors Affecting Unemployment Rate in China: Doctoral dissertation. – UTAR, 2017. – 78 p.

19. Дегтева Д. А. Сравнительный анализ моделей рынка труда Казахстана и России: Выпускная квалификационная работа. – Челябинск: ЮУрГУ, 2018. – 139 p.
20. Gold S., Kunz N., Reiner G. Sustainable global agrifood supply chains: exploring the barriers // *Journal of Industrial Ecology*. – 2017. – № 21(2). – С. 249-260.
21. Шацкая И. В. Развитие государственной системы управления трудовыми ресурсами на современном этапе // *Экономика труда*. – 2019. – № 3(4). – С. 173-182.
22. Васильцова Л. И. Экономика управления персоналом / Л. И. Васильцова, Н. А. Александрова, С. В. Радионова, Е. А. Скворцов. – Екатеринбург: Изд-во УрГУПС, 2016. – 143 с.
23. Brochure «Kazakhstan today». – Astana: Committee on Statistics of the Ministry of National Economy of Republic of Kazakhstan, 2016. – 12 p.
24. Brochure «Kazakhstan today». – Nur-Sultan: Committee on statistics of the Ministry of national economy of Republic of Kazakhstan, 2020. – 9 p.
25. Puche J., Ponte B., Costas J., Pino R., De la Fuente D. Systemic approach to supply chain management through the viable system model and the theory of constraints // *Production planning & control*. – 2016. – № 27(5). – С. 421-430.
26. Gentry B. S., Boyce E., Martin A., Webster M., Weston R. Regional Supply Chains: Strengthening Urban-Rural Connections Around the Benefits from Natural Areas // *Yale School of the Environment Publications Series*. 52. – 2017. – Report 34. – 97 p.
27. Назарова У. А., Деревяшкина Н. С. Аномалии регионального рынка труда / У. А. Назарова, Н. С. Деревяшкина // *Уровень жизни населения регионов России*. – 2019. – № 3(201). – С. 89-97.
28. Нурмагамбетов А. М. Рынок труда: правовые проблемы и перспективы. – Алматы: ТОО «Баспа», 2014. – 263 с.
29. Mussina S. T., Khusainova Zh. S., Vechkinzova Y. A. Migration processes in Kazakhstan: Trends, specifics, factors // *Bulletin of the Karaganda University. Economy Series*. – 2020. – № 4(100). – P. 53-67.

REFERENCES

1. Poslanie Glavy gosudarstva narodu Kazahstana ot 2 sentyabrya 2019 goda «Konstruktivnyj obshchestvennyj dialog – osnova stabil'nosti i procvetaniya Kazahstana». (2019). Adilet. Retrieved September 25, 2021, from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1900002019> (In Russian).
2. Kutaev, Sh. K. (2009). Konkurenciya na rynke truda trudoizbytochnogo regiona. *Regional'naya ekonomika: teoriya i praktika*, 39(132), 35-38 (In Russian).
3. Jelic, S., Jovanovic, T. and Zivkovic, D. (2016). Unemployment Determinants in Rural Areas of Serbia in Transition Period. In *International Conference on Competitiveness of Agro-food and Environmental Economy Proceedings*, 5, The Bucharest University of Economic Studies, 110-115.
4. Petty, V., Smith, A., Ricardo, D. (1993). *Antologiya ekonomicheskoy klassiki*. Ekonov, Moscow, 1, 486 p. (In Russian).
5. Smith, A. (2019). *Issledovanie o prirode i prichinah bogatstva narodov*. Liters, 408 p. (In Russian).
6. Ricardo, D. (2007). *Nachala politicheskoy ekonomii i nalogovogo oblozheniya*. Izbrannoe. Eksmo, Moscow, 960 p. (In Russian).
7. Marshall, A. (1993). *Principy ekonomicheskoy nauki*. Progress, Moscow, 1, 415 p. (In Russian).
8. Pigou, A. (1985). *Ekonomicheskaya teoriya blagosostoyaniya*. Progress, Moscow, 1, 512 p. (In Russian).
9. Keijns, D. M. (1993). *Obshchaya teoriya zanyatosti, procenta i deneg. Shedevry mirovoj mysli: in 3 vol.* Vol. 3, Petrokom, Petrozavodsk, 307 p. (In Russian).
10. Samuelson, P. (1992). *Economics: In 2 vols*, Vol. 1, Algon, Moscow, 333 p.
11. Hiks, D. R. (1988). *Stoimost' i kapital: trans. from Eng. M. Entova (Eds.)*. Progress, Moscow, 488 p. (In Russian).
12. Lampert, H. (1994). *Social'naya rynochnaya ekonomika. Germanskij put'. Delo*, Moscow, 225 p. (In Russian).

13. Mamyrov, N. K., Sahanova, A. N., Ahmetova, Sh. S. and Bruzati, L. (2002). Gosudarstvo i biznes. Kniga vtoraya. Otnosheniya mezhdu pravitel'stvom i biznesom. Uchebnik. Almaty, Ekonomika, 496 p. (In Russian).
14. Kulekeev, Zh. A. (2016). Rynok truda i zanyatost' v Kazahstane. Almaty, Kazstatinform, 276 p. (In Russian).
15. Berdaliev, K. B. (2001). Kazakstan ekonomikasyn baskaru negizderi: Oku kuraly. 128 p. (In Kazakh).
16. Ihdanov, Zh. O. (2002). Ekonomikany memlekettik retteudin ozekti maseleleri: Oku kuraly. 218 p. (In Kazakh).
17. Chotchaeva, M. Z. (2007). K voprosu o zanyatosti naseleniya v trudoizbytochnom regione. Terra Economic, 2(5), Rostov on Don, 328-332 (In Russian).
18. Chen, L. X., Chew, Y. B., Lim, R. L. H., Tan, W. Y. and Twe, K. Y. Macroeconomic Factors Affecting Unemployment Rate in China: Doctoral dissertation. UTAR, 78 p.
19. Degteva D. A. (2018). Sravnitel'nyy analiz modelej rynka truda Kazahstana I Rossii: Doctoral dissertation. South Ural State University, Chelyabinsk, 139 p. (In Russian).
20. Gold, S., Kunz, N. and Reiner, G. (2017). Sustainable global agrifood supply chains: exploring the barriers. Journal of Industrial Ecology, 21(2), 249-260.
21. Shackaya, I. V. (2019). Razvitie gosudarstvennoj sistemy upravleniya trudovymi resursami na sovremennom etape. Ekonomika truda, 3(4), 173-182 (In Russian).
22. Vasilcova, L. I. (2016). Ekonomika upravleniya personalom. UrGUPS, Yekaterinburg, 143 p. (In Russian).
23. Brochure «Kazakhstan today». (2016). Committee on Statistics of the Ministry of National Economy of Republic of Kazakhstan, Astana, 12 p.
24. Brochure «Kazakhstan today». (2020). Committee on statistics of the Ministry of national economy of Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, 9 p.
25. Puche, J., Ponte, B., Costas, J., Pino, R. and De la Fuente, D. (2016). Systemic approach to supply chain management through the viable system model and the theory of constraints. Production planning & control, 27(5), 421-430.
26. Gentry, B. S., Boyce, E., Martin, A., Webster, M. and Weston, R. (2017). Regional Supply Chains: Strengthening Urban-Rural Connections Around the Benefits from Natural Areas. Yale School of the Environment Publications Series, 52, Report 34, 97 p.
27. Nazarova, U. A. and Derevyashkina, N. S. (2019). Anomalii regional'nogo rynka truda. Uroven' zhizni naseleniya regionov Rossii, 3(201), 89-97.
28. Nurmagambetov, A. M. (2014). Rynok truda: pravovye problem perspektivy. Baspa, Almaty, 263 p. (In Russian).
29. Mussina, S. T., Khusainova, Zh. S. and Vechkinzova, Y. A. (2020). Migration processes in Kazakhstan: Trends, specifics, factors. Bulletin of the Karaganda University. Economy Series, 4(100), 53-67.

**MODERN CONCEPT OF LABOR MARKET DEVELOPMENT IN LABOR EXCESSIVE
REGIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

S. S. Ydyrys¹, S. A. Ilasheva², B. D. Beknazarov^{2*}

¹International Kazakh-Turkish University named after H. A. Yasavi
Turkestan, Republic of Kazakhstan

²M. Auezov South Kazakhstan University,
Shymkent, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the study is to develop the employment paradigm of the Republic of Kazakhstan, to develop more effective approaches to ensuring more effective employment of the population.

Methodology. The dialectical method of cognition, scientific generalization and classification methods, systematic and comparative analysis methods were used in the research. In addition to general scientific methods, balance and index methods, forecasting and planning methods were used.

Originality / value of the study: the factors contributing to the formation and development of the labor market in regions with excess labor are identified and analyzed.

Findings: In the process of determining ways to improve the labor market of a labor-surplus region, based on the principles of social, managerial and self-development of the regional labor market, an excess labor market was identified and its concept was developed using the example of the Turkestan region.

Keywords: labor market, labor force, labor resources, employment, unemployment, region.

**СОВРЕМЕННАЯ КОНЦЕПЦИЯ РАЗВИТИЯ РЫНКА ТРУДА
В ТРУДОИЗБЫТОЧНЫХ РЕГИОНАХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

С. С. Ыдырыс¹, С. А. Илашева², Б. Д. Бекназаров^{2*}

¹Международный Казахско-Турецкий Университет им. Х. А. Ясави,
Туркестан, Республика Казахстан

²Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова,
Шымкент, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – развитие парадигмы занятости Республики Казахстан, разработка более эффективных подходов к обеспечению более эффективной занятости населения.

Методология. Зерттеуде танымның диалектикалық әдісі, ғылыми жалпылау және жіктеу әдістері, жүйелік және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Жалпы ғылыми әдістермен қатар баланстық және индекстік әдістер, болжау және жоспарлау әдістері пайдаланылды.

Оригинальность / ценность исследования: выявлены и проанализированы факторы, способствующие формированию и развитию рынка труда в регионах с избыточной рабочей силой.

Результаты исследования: В процессе определения путей совершенствования рынка труда трудоизбыточного региона, исходя из принципов социального, управленческого и саморазвития регионального рынка труда, был определен избыточный рынок труда и разработана его концепция на примере Туркестанской области.

Ключевые слова: рынок труда, рабочая сила, трудовые ресурсы, занятость, безработица, регион.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Ыдырыс Серікбай Садуақасұлы – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қ. А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік Университеті, Түркістан, Қазақстан Республикасы, e-mail:serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz

Илашева Сауле Ашуровна – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы, e-mail:s.ilasheva@mail.ru

Бекназаров Бакыт Доктырбаевич – PhD докторы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы, e-mail:bakyt.8080@mail.ru*